

«6D061300-Г геоботаника» мамандықты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізлену үшін ұсынылған Чидлибаева Асел Жумагуловнаның «Гле және Шарын өзендерінің жайылмасында сирек кездесетін, эндемдік *Rosa ilicis* Спгшпап. өсімдігінің популяцияларының казіргі жағдайын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШҚИРІ

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысанады бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағыттың көрсету)	«6D061300-Г геоботаника» мамандығының бағытына сәйкес келеді. Диссертацияның мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ғылыми жобаға қатысы жоқ.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертанттың зерттеу жұмысын жүргізу барысында алған нәтижелері аса қоматқы. Атап айтқанда, <i>Rosa ilicis</i> Спгшпап. өсімдігінің жапырағына, гүліне, жемісіне жүргізілген фитохимиялық зерттеулердің нәтижелерін диссертанттың ғылымның дамуына қосқан үлесі деп білемін. Диссертанттың ғылыми жұмысты жазу денгейі жоғары, жаттық жазылған. Оқуға жеңіл, өзінің қалыптасқан жазу стилі айқын байқалады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу денгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың ғылыми жұмысты жазу денгейі жоғары, жаттық жазылған. Оқуға жеңіл, өзінің қалыптасқан жазу стилі айқын байқалады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды	Сирек кездесетін, таралу аймағы шектеулі, эндемдік түрлердің табиғи популяцияларына геоботаникалық сипаттама жасап, өсімдіктер қауымдастығының флоралық құрамын зерттеп, казіргі жағдайына бата беру және осы өсімдікті қорғауға байланысты нақты ұсыныстар беру жұмыстың өзектілігі болып табылады. Сондықтан диссертация өзектілігі толығымен негізделген. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Оған еш күмән жоқ.

	<p>1) айкындалды; 2) жартылай айкындалды; 3) айкындалмайды</p>	
	<p>4.3. Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді; 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Барлық міндеттер орындалған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан; 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен логикалық байланысқан.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (категораттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған; 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Ғылыми зерттеу жұмысы барысында ғылыми негізделген геоботаникалық, морфо-анатомиялық, тамыр жүйесін зерттеу әдістері, топтырақ үлгілерін анықтау әдістері, интродукциялау әдістері қолданылған. Автордың ұсынған жаңа шешімдері ғылыми негізде дәлелденіп, нақтыланған.</p>
<p>5. Ғылыми жанашырлық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен категораттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Алғаш рет Іле және Шарын өзендерінің жайылмасында сирек кездесетін, таралу аймағы шектеулі, эндемдік <i>R. ilensis</i> өсімдігінің популяцияларына геоботаникалық сипаттамалар берілген және өсімдіктер қауымдастығының флоралық құрамына талдау жасалынған. <i>R. ilensis</i> өсімдігінің вегетативтік мүшелерінің морфо-анатомиялық құрылыс ерекшеліктері зерттелген. Үлгінің жапырағының, жемісінің, тұқымының құрамындағы биологиялық белсенді заттар анықталған. Сонымен бірге <i>R. ilensis</i> өсімдігінің үш популяциясының да топырағына химиялық талдаулар жасалынған. Интродукциялау нәтижесінде <i>R. ilensis</i> өсімдігі түлдеп, жеміс берген. Осындай кешенді зерттеулердің нәтижесінде <i>R. ilensis</i> өсімдігінің биологиялық, экологиялық ерекшеліктеріне қатысты ғылыми нәтижелер мен категораттар толығымен жаңа деп есептеймін.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Іле және Шарын өзендерінің жайылмасынан <i>R. ilensis</i> өсімдігі кездесетін 3 популяциясы мен 9 ценопопуляциясы анықталған. Диссертацияның қорытындысы міндеттерге сәйкес жасалған. Диссертанттың жасаған тұжырымдары өз зерттеуінің нәтижесінен туындаған. Сондықтан диссертацияның қорытындылары жаңа деп есептеймін.</p>

	<p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа:</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми жұмыстың нәтижелері мен тұжырымдары негізінде Іле және Шарын өзендерінің жайылмасында сирек кездесетін, таралу аймағы шектеулі, эндемдік <i>R. ilensis</i> өсімдігінің популяцияларының қазіргі жағдайына баға берілген. Интродукцияға ендірілген <i>R. ilensis</i> өсімдігінен жиналған тұқымдар, түрдің генфондына сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне қарасты. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Ботаника және фитонтология институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Қазақстанның табиғи флорасының тұқым банкісі» зертханасына өткізілген. Диссертациялық жұмыстың барысында жасалған тұжырымдар ғылыми жарияланымдармен негізделген.</p>
<p>6. Негізгі қорытындыларды негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қаратанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, негізделген. Онда теориялық мәселелермен қатар, практикада қолдану жағы да қарастырылған.</p>
<p>7. Қорытынды шығарылған негізгі қатидаттар</p>	<p>Әр қатидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қатидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиялды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>1. Қатидат диссертациялық жұмыста берілген бөлімдермен дәлелденген.</p> <p>2. Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған ғылыми деректер тривиялды және ғылыми тұрғыдан дәлелденген.</p> <p>3. Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған деректер толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>4. Мәліметтерді қолдану деңгейі кең және ауқымды.</p> <p>5. Зерттеу жұмысының нәтижелері толық ғылыми мақалаларда жарияланған.</p>

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Әдістеменің таңдауы орынды негізделген. Зерттеу жұмысының барысында қандай әдістемелердің қолданылғаны диссертацияның зерттеу әдістері бөлімінде толығымен келтірілген.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
	8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дәрілау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дәрілау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының тұжырымдары халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда және басқа да ғылыми басылымдарда жарияланған.
	8.4 Мамызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	8.4 Мамызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Жарияланған ғылыми мақалалар алыс-жақын шет елдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне, Web of Science және Scopus мәліметтер базасына енетін халықаралық журналдарға, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміндегі республикалық ғылыми журналдарға сілтеме жасау арқылы расталған.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста 315 отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми әдебиеттері қолданылған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті .
9	Практикалық күндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңыздылығы сирек кездесетін, таралу аймағы шектеулі, әңдемдік түрлердің геоботаникалық, флоралық, экологиялық, биологиялық ерекшеліктерін зерттеуде маңызды болып табылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия;	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. <i>R. lilies</i> тамаша сәндік және дәрілік өсімдік, сондықтан да оның интродукцияға ендірілген формаларын селекциялық жұмыстарда, итмұрынның жаңа Қазақстандық

	2) жоқ	сандік сорттарын шығару мақсатында аналық өсімдік (маточник) ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылды); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа . <i>R. ilicis</i> өсімдігінің жемістеріне, тұқымдарына, гүлдеріне және жапырақтарына жүргізілген фитохимиялық зерттеулер олардың құрамында бірқатар биологиялық белсенді заттардың болатындығы анықталды. Бұл мәліметтер <i>R. ilicis</i> өсімдігінің зерттеуге алынған популяцияларының кәзіргі кездегі жағдайына тылыми тұрғыдан баға беруге және оны қорғауға қатысты нақты ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.
10. Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары, жатық, ғылыми тілмен жазылған.

Шешімі: А.Ж. Чилдибаеваның «БД061300-Геоботаника» мамандығы бойынша «Іле және Шарын өзендерінің жайылмасында сирек кездесетін, эндемдік *Rosa ilicis* Christm. өсімдігінің популяцияларының кәзіргі жағдайын зерттеу» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және Ғылым министрлігі Ғылым және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің ережесіне толықтай сәйкес келетін жұмыс деп санаймын. Чилдибаева Асел Жумагуловнаның «БД061300-Геоботаника» «мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық.

Ресми рецензент:

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Жаратылыстану институты, Биология және Химия
кафедрасының профессоры, биология ғылымдарының докторы



Мирзалинов Р.А.